

**«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының
(«Банк ЦентрКредит» АҚ)
үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың үшінші шығарылымының**

ПРОСПЕКТІСІ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептердің, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары тізімдерінің, сондай-ақ жылдың қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және олар туындаған кезден бастап күнтізбелік (15) он бес күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау арқылы назарына жеткізеді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың үшінші шығарылымының проспектісі

1.	Осы облигациялардың шығарылымы «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.					
2.	«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының облигациялық бағдарламасы туралы деректер:					
	1)	облигациялық бағдарлама проспектісі мемлекеттік тіркеуге қойылған күн:		09.06.2015 ж. № Е99		
	2)	шегінде облигация шығарылымы жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай сипаттағы көлемі:		250 000 000 000 теңге		
	3)	Облигациялық бағдарлама аясындағы облигация шығарылымының реттік нөмірі:		үшінші		
	4)	үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде бұрынғы барлық облигациялар шығарылымдары туралы деректер:				
		шығарылымның реттік нөмірі	облигациялардың шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні	облигациялардың мөлшері мен түрі	номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі	Шығарылымның орналастырылған облигацияларының көлемі
		бірінші	11.08.2015 ж.	реттелген атаулы купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 500 000 000 данасы	50 000 000 000 теңге	162 464 257 дана
		екінші	09.10.2017 ж.	жай акцияларға айырбасталатын реттелген атаулы купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 60 000 000 данасы	60 000 000 000 теңге	60 000 000 дана
3.	«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың (бұдан кейін – Эмитент) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде облигациялардың үшінші шығарылымының құрылымы:					
	1)	облигациялардың түрі:		Атаулы купондық қамсыздандырылған (ипотекалық) облигациялар (бұдан кейін – Облигациялар).		
	2)	бір облигацияның номиналды құны:		100 (бір жүз) теңге.		
	3)	облигациялар саны:		100 000 000 (бір жүз миллион) дана.		
	4)	облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:		10 000 000 000 (он миллиард) теңге.		
	5)	облигациялар бойынша сыйақы:				
		сыйақы мөлшерлемесі		Облигациялардың номиналды құнының жылдық 12% мөлшерінде Облигациялар айналысының барлық мерзіміне белгіленген.		
		сыйақы есептеу басталатын күн, кезеңділігі және сыйақы төлейтін күн, сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, сыйақыны алу тәсілі:		Облигациялар бойынша купондық сыйақы жылына екі рет, облигациялар айналысы басталған күннен бастап әрбір алты ай сайын өтеу мерзіміне дейін жыл сайын төленеді. Сыйақы есептеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады. Сыйақы төленетін күннен кейінгі кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде купондық сыйақы Облигация ұстаушылардың		

			<p>ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді.</p> <p>Купондық сыйақы алу құқығы төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күнінің басындағы жай-күйі бойынша облигация ұстаушылардың тізімінде тіркелген тұлғаларға беріледі.</p>
		сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Эмитент облигациялар бойынша купондық сыйақыны есептеуді 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыт негізін есепке ала отырып жүзеге асырады.
	б)	номиналды құн валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:	<p>Эмитент барлық төлемдерді (сыйақы мен борыштың негізгі сомасын төлеуді) қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақы мен борыштың негізгі сомасын төлеуді) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.</p> <p>Егер облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда төлем теңгемен (облигация ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банктік шоты болған жағдайда) төленеді.</p> <p><u>Эмитент сыйақы төлемі жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигация ұстаушыдан сәйкес жазбаша өтініш алған жағдайда, сыйақы төлемін жасаған кезде теңгені басқа валютаға (тек қана ЕУРО-ға немесе АҚШ долларына) айырбастауға рұқсат беріледі.</u></p> <p>ЕУРО-мен төленетін төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты төлем жасау күніне белгілеген теңгенің ЕУРО-ға шаққандағы ресми бағамы бойынша жүзеге асырылады. АҚШ долларымен төленетін төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың нақты төлем жасау күніне белгілеген орташа бағамы бойынша жүзеге асырылады. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p> <p>Қазақстан Республикасының резиденті – облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жасаған кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат берілмейді.</p>
	7)	облигацияларды орналастыру басталған күн және аяқталған күн:	
		облигацияларды орналастыру басталған күн	«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сауда жүйесінде бірінші сауда-саттық ашылған күн. Облигацияларды орналастыру күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланады.
		облигацияларды орналастыру аяқталған күн	Төменде көрсетілген күндердің ішінен ертерек көрсетілген күн: 1) жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан барлық облигацияларын эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде облигация ұстаушылардың жеке шоттарына

			есептен шығару бойынша соңғы операция жүргізілген күн; 2) облигациялар айналысы басталған күннен бастап 5 жыл аяқталғаннан кейін.
8)	облигациялар айналысы басталған күн және облигациялар айналысының мерзімі:		
	облигациялар айналысы басталған күні	Жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін Эмитенттің жеке шотынан облигацияларды Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде облигация ұстаушылардың жеке шоттарына есептен шығару бойынша бірінші операция жүргізілген күн.	
	облигациялардың айналыс мерзімі:	Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жыл.	
9)	облигациялар айналысы жоспарланатын нарық:	Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығы. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша көзделмесе, Эмитент облигациялар айналымында қандай да бір шектеулерді, ықтимал облигация ұстаушыларға қатысты, оның ішінде Эмитенттің байланысты тараптары болып табылатын тұлғаларын қоса алғанда арасында облигацияларды орналастыру болжанатын тұлғалар шеңберіне қатысты шектеулерді болжамайды.	
10)	орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:	Облигацияларды төлеу тәртібі мен талаптары, есеп айырысу тәсілдері «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Эмитенттің сәйкес органы Облигацияларды инвесторлардың шектелмеген тобының арасында орналастыру туралы шешім қабылдағаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде «Казахстанская Правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттерінде облигациялардың орналастырылатыны туралы хабарлама (мемлекеттік және орыс тілдерінде) жариялайды.	
11)	облигацияларды өтеу тәртібі:		
	облигацияларды өтеу күні:	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін Облигациялар өтеледі.	
	облигацияларды өтеу талаптары:	Облигациялар облигациялар айналыста болған соңғы күннен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде ақша аудару арқылы облигациялардың номиналды құны бойынша теңгемен өтеледі және сол мезетте соңғы купондық сыйақы төленеді.	
	облигацияларды өтеу тәсілі:	Облигациялардың номиналды құнын және соңғы купондық сыйақыны төлеу облигациялар айналыста болған соңғы күннің басындағы жай-күйі бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі. Эмитент барлық төлемдерді осы проспектінің 3-тармағының б)-тармақшасына сәйкес қолма-қолсыз тәртіппен жүзеге асырады.	

	12)	Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы:	<p>Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта облигацияларды олардың айналысының барлық мерзімінде сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы. ұйымдастырылған нарықта «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та қалыптасқан нарықтық баға негізінде мәміле жасаған кезде;</p> <p>ұйымдастырылмаған нарықта мәміленің тараптарының келісімі бойынша белгіленеді.</p> <p>Сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент өзінің сатып алған Облигацияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың айналысының барлық мерзімінде бағалы қағаздардың нарығында қайтадан сатуға құқылы.</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде, ал белгіленген мерзім көрсетілмеген кезде – Эмитенттің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке қойған талапты, айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша ықтимал іс-әрекеттер тізбесін көрсете отырып, Эмитент осы факт туралы Эмитенттің (www.bcc.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) ресми сайттарына жариялау арқылы облигация ұстаушыларға хабарлайды.</p>
	13)	<p>Облигациялар бойынша қамсыздандыру:</p> <p>қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы:</p> <p>кепіл заты, оның құны және кепіл затынан өндіріп алу тәртібі</p>	<p>Айналыстағы Облигацияларға есептелген сыйақыны ескере отырып, олардың номиналды құнының 110% құрайды.</p> <p>Кепіл заты – Облигациялар шығарылымын Эмитенттің ипотекалық тұрғын үй қарыз шарттары бойынша талап ету құқықтарының пулын (жиынтығын) кепілге беру қамтамасыз етеді.</p> <p>Кепіл құрамына енгізілген кепілге берілген мүліктің тізімі Эмитент жүргізетін кепіл тізілімінде есептелген.</p> <p>Кепіл затының құны – Эмитент облигациялар айналыста болатын барлық мерзім бойы кепілге берілген мүліктің құнын айналыстағы Облигациялар бойынша есептелген сыйақыны ескере отырып, олардың жалпы номиналды құнының 110% деңгейінен төмен түсірмеуге міндеттенеді. Кепіл затының құнын есептеген кезде ипотекалық тұрғын үйдің қарыз шарттары бойынша негізгі борыш ескеріледі. Кепілге берілген мүліктің құнын көрсетілген деңгейде ұстап тұру үшін кепілге берілген мүліктің құрамына кіретін мүлік құқығын ауыстырып тұруға міндетті. Кепіл мүлкін ауыстыру, есептен шығару және толықтыру жөніндегі операцияларды Эмитент Кепіл тізіліміне сәйкес өзгерістер енгізу және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеу арқылы</p>

			<p>бекітеді.</p> <p>Облигация ұстаушылардың Өкілі Эмитенттен алынған деректердің негізінде облигация ұстаушылардың алғашқы талабы бойынша ипотекалық тұрғын үйдің қарыз шарттары бойынша кепілге берілген талап ету құқықтар пулының құны туралы хабарлап тұруға міндетті.</p> <p>Кепіл затына өндіріп алу талабын қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы анықтайды.</p>
		Облигацияларды қамсыздандыру туралы шартының талаптары	<p>Эмитент және Облигация ұстаушылардың атынан әрекет ететін Облигация ұстаушылардың өкілі міндеттемелердің тиісті дәрежеде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында кепіл шартын жасасады және оны кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркейді. Кепіл шарты кепіл затын, кепілдік қамсыздандырудың мөлшерін және оны қолдау тәртібін, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, кепіл затының жағдайына бақылау жүргізу, сондай-ақ Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ететін кепіл затын өндіріп алу тәртібін белгілейді.</p> <p>Кепіл шартына сәйкес Облигация ұстаушылардың өкілі</p>
			<p>тоқсан сайын немесе қажеттілігіне қарай ипотекалық тұрғын үйдің қарыз шарттарын іріктеп тексеру арқылы кепіл затына бақылау жүргізу бойынша процедураларды жүзеге асырады.</p>
		атауын, орналасқан жерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген екінші деңгейдегі банктің деректері	Облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.
	14)	концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдеме беру туралы қаулысының деректемелері	Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.
4.	Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтары бойынша ақы төленетін облигацияларды шығарған кезде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі. Осы талап Облигациялар шығарылымына қолданылмайды.		
5.	Айырбасталатын облигациялар:		
	1)	облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар:	Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.
	2)	Облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары:	Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.

6.	Облигация ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:	
	1) облигация ұстаушылар өкілінің толық және қысқаша атауы	«Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы
	2) облигация ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары	Қазақстан Республикасы 050008, Алматы қ., Манас көш., 32А телефон: +7 (727) 259-88-77, факс: +7(727) 259-88-87
	3) эмитенттің облигация ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі	23.11.2017 жылғы № 989 Облигация ұстаушылардың мүдделеріне куәлік ету туралы шарт
7.	Төлем агенті туралы мәліметтер (бар болған жағдайда): Эмитент купондық сыйақыны және номиналды құнын өз бетінше төлейді.	
8.	Эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша кеңес беру қызметін ұсынатын тұлға туралы мәліметтер: Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ тізіміне қосуды және олардың тізімде болуын Эмитент өз бетінше жүргізеді.	
9.	Облигация арқылы оның ұстаушысына берілетін құқықтар:	
	1) Облигация ұстаушының құқықтары:	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіге сәйкес облигациялармен мәмілелер жасау; ▪ Осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу; ▪ Осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу; ▪ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу; ▪ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру; ▪ Осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әр күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету; ▪ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену. <p>Эмитент осы Проспектіде көзделген өз міндеттемелерін және шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде, облигация ұстаушылардың мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.</p> <p>Облигация ұстаушылардың төлем (купон) деңгейін арттыруды талап ету құқығы көзделмеген.</p> <p>Эмитент банкрот деп танылған немесе таратылған жағдайларды қоспағанда, Облигация ұстаушылардың сыйақы мен номиналды мерзімінен бұрын төлеуді талап ету құқығы көзделмеген.</p>

	2)	<p>осы құқықты іске асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде эмитенттің облигацияларды сатып алуы талап ету құқығы:</p>	<p>Эмитент төменде көрсетілген жағдайлар (бұдан кейін мәтін бойынша – Сатып алу жағдайлары) пайда болған кезде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • эмитенттің уәкілетті органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған, • тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен «Қазақстан қор биржасы» АҚ эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған; • эмитент облигация ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған; • осы проспектінің 11-тармағында көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайларда, орналастырылған Облигацияларды сатып алуға міндетті. <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде, ал белгіленген мерзім көрсетілмеген кезде – Эмитенттің Сатып алу жағдайлары пайда болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке қойған талапты, айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Сатып алу жағдайларының пайда болу себебінің толық сипаттамасын және Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша ықтимал іс-әрекеттер тізбесін көрсете отырып, Эмитент осы факт туралы Эмитенттің (www.bcc.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) ресми сайттарына жариялау арқылы облигация ұстаушыларға хабарлайды.</p> <p>Сатып алу жағдайы пайда болған кезде Эмитент ақпараттық хабарламаны жариялаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сатып алу жағдайын тудырған себептерді жою бойынша барлық мүмкін шараларды қолданады. Егер Эмитент Сатып алу жағдайының себебін жою бойынша шаралар қолданбаса және/немесе Эмитент қолданған шаралар жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде Сатып алу жағдайын түзетпесе, Облигация ұстаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке орналастырылған және оған тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы.</p> <p>Сатып алу процедурасы Облигация ұстаушының көрсетілген мерзімде ұсынылған және төмендегі барлық қажетті деректемелері көрсетілген, еркін нысанда құрылған орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішінің негізінде ғана жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіруші нөмірі; болған жағдайда
--	----	---	--

			<p>мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті</p>
			<p>Облигациялардың саны және түрі, - жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты, болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжатының нөмірі, берілген күні және берген орган; тұратын жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны және түрі. Орналасырылған облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушының осы проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде өзіне тиісті Облигацияларды өтеуге құқығы бар. Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуға берілген жазбаша өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Облигация ұстаушының ағымдағы шотына ақша аудару арқылы сатып алу күніндегі жинақталған сыйақының есебінен облигациялардың сәйкес номиналды құнының бағасы бойынша немесе баға мөлшерінің үлкен болуына қарай облигацияның әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған Облигацияларды сатып алады. Эмитент барлық төлемдерді осы проспектінің 3-тармағының б)-тармақшасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады. Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы өтініштердің барлығын бір мезетте қанағаттандыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, Облигация ұстаушылардан облигацияларды сатып алу орналастырылған облигацияларды сатып алуға берілген өтініштердің келіп түскен кезегі бойынша жүзеге асырылады.</p>
3)		<p>егер сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүлктік құқықтар бойынша жүргізілетін болса, осы құқықтың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықты бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың басқа тұлғаға өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамалары</p>	<p>Эмитент сыйақы және (немесе) негізгі борыш төлемін өзге мүлктік құқықтар бойынша жүзеге асырмайды.</p>

10.	Орнаған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:	
	1) Орнаған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:	<p>Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы.</p> <p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жағдайы болып осы проспектіде белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі борышты өтеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін сыйақыны (купонды) және/немесе облигациялар бойынша номиналды құнды төлемеу немесе толық төлемеу танылады.</p> <p>Егер осындай төлемеу және/немесе толық төлемеу осы Проспектіде белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін облигация ұстаушының банктік шоттарының деректемелерін Эмитенттің шынайы немесе толық алмауының немесе «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-тың Эмитентке Облигация ұстаушылардың тізілімін заңнамада белгіленген және онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.</p> <p>Егер Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамауы дүлей күшті жағдайлардың салдарынан болса, онда Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күшті жағдайлар ретінде олардың орнауын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу және шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсіндіріледі. Дүлей күшті жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады.</p>
	2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары:	<p>Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша дефолттарды болдырмау мақсатында барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және барлық қажетті шараларды қолданады, алайда осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитент дефолттың пайда болу себептерін жою үшін барлық күшін салады, соның ішінде өзінің қаржы жағдайын жақсарту бойынша шаралар қолданады.</p> <p>Осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт орнаған жағдайда, Облигация ұстаушының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт орнаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген</p>


		<p>тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады. Эмитенттің кінәсі бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент ақшалай міндеттемелі немесе оның бір бөлігін орындау күніне (яғни төлем жасалған кезеңнің ең соңғы күнінен кейінгі күні) белгіленген Уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің есебінен мерзімінен кешіктірілген әрбір күн үшін осы шығарылым Облигацияларын ұстаушыларға өсімпұл төлейді.</p>
3)	<p>эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық тұрғыда жауап беретін тұлғаларға талап қою тәртібі туралы мәліметтер қамтылатын дефолт фактілері туралы ақпаратты жіберуінің тәртібі, мерзімі және тәсілдері:</p>	<p>Эмитент өзінің кінәсінен Облигациялар бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигациялар бойынша дефолттың пайда болу себептерін және Эмитентке талап қою өтінішінің тәртібін қосқанда, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, сондай-ақ Эмитент қабылдайтын іс-шараларды көрсете отырып, ақпараттық хабарламаны Эмитенттің ресми www.bcc.kz сайтында, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінде (www.dfo.kz) жариялау және облигация ұстаушылардың өкіліне хабарлау арқылы Облигация ұстаушыларға хабар береді.</p>
4)	<p>эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық тұрғыда жауап беретін тұлғалармен жасалатын шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны (бұндай тұлғалар болған жағдайда) мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі:</p>	<p>Аталған шарттар қарастырылмаған.</p>

11.	<p>Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі заңында көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигацияларды шығару кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе): Осы проспектіде белгіленген Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент келесі талаптарды сақтауға міндетті.</p>										
	<p>1) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілкті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу; 2) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу, аудиторлық компанияның бұндай есептерді Эмитентке ұсыну мерзімін бұзу жағдайлары есептелмейді. Шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде Эмитенттің және Облигация ұстаушының іс-әрекет ету тәртібі осы проспектінің 9-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген.</p>										
12.	<p>Опциондар туралы ақпарат: Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 2 (екі) жыл аяқталғаннан кейін Облигацияларды мерзімінен бұрын толық көлемде өтуге (кері қайтаруға/орындауға) құқылы. Эмитент осы факт туралы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Облигациялар мерзімінен бұрын өтелетін (кері қайтарылатын/орындалатын) күннен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Эмитенттің (www.bcc.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) ресми сайттарына ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Облигация ұстаушыларға хабарлайды. Мерзімінен бұрын өтеу (кері қайтару/орындау) күніне жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялар мерзімінен бұрын өтелетін күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде ақша аудару арқылы номиналды құны бойынша мерзімінен бұрын өтеледі (кері қайтарылады/орындалады). Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу (кері қайтару/орындау) күніндегі жай-күйі бойынша Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы төлем жасалады. Эмитент барлық төлемдерді осы проспектінің 3-тармағының б)-тармақшасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.</p>										
13.	<p>Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы: 1-қосымша</p>										
14.	<p>Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:</p> <table border="1" data-bbox="295 1422 1487 2038"> <tr> <td data-bbox="295 1422 359 1568">1)</td> <td data-bbox="367 1422 758 1568">Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаларды қолдану мақсаттары және тәртібі:</td> <td data-bbox="766 1422 1487 1568">Облигацияларды орналастыру нәтижесінде Банк алған ақша толық көлемде жеке тұлғаларды ипотекалық кредиттеу деңгейін арттыруға жұмсалады.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="295 1579 359 1736">2)</td> <td data-bbox="367 1579 758 1736">Алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар және осы өзгерістерді көрсету:</td> <td data-bbox="766 1579 1487 1736">Алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар жоқ.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="295 1747 359 2038">3)</td> <td data-bbox="367 1747 758 2038">инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигация ұстаушымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигация ұстаушылар өкілінің қызметіне төлем жасауға байланысты шығыстар</td> <td data-bbox="766 1747 1487 2038">Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.</td> </tr> </table>		1)	Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаларды қолдану мақсаттары және тәртібі:	Облигацияларды орналастыру нәтижесінде Банк алған ақша толық көлемде жеке тұлғаларды ипотекалық кредиттеу деңгейін арттыруға жұмсалады.	2)	Алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар және осы өзгерістерді көрсету:	Алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар жоқ.	3)	инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигация ұстаушымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигация ұстаушылар өкілінің қызметіне төлем жасауға байланысты шығыстар	Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.
1)	Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаларды қолдану мақсаттары және тәртібі:	Облигацияларды орналастыру нәтижесінде Банк алған ақша толық көлемде жеке тұлғаларды ипотекалық кредиттеу деңгейін арттыруға жұмсалады.									
2)	Алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар және осы өзгерістерді көрсету:	Алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар жоқ.									
3)	инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигация ұстаушымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигация ұстаушылар өкілінің қызметіне төлем жасауға байланысты шығыстар	Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.									

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың үшінші шығарылымының проспектісі

	көрсетіледі:	
15.	Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде Эмитенттің арнайы қаржы компаниясы болып табылмайтыны қосымша көрсетіледі.	
16.	Секьюритилендіру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде Эмитенттің арнайы қаржы компаниясы болып табылмайтыны қосымша көрсетіледі.	

Басқарма Төрағасы



Хусаннов Г.А.


Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Республикалық мемлекеттік мекемесі


ТІЛКІШ

2017 ж. « 30 » қараша »

Пронумеровано и

решишировано на 55 листа



директор Правления
Хусанов Г.А.

бухгалтер
Нурғалиева А.Т.